

**Мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялар қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты қызметтердің номенклатурасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1064 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.14. N 155 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялар қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты қызметтердің номенклатурасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 15 қазандағы

N 1064 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялар қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты қызметтердің номенклатурасы**

1. Телекоммуникациялар қызметтері

1) Байланыс операторлары үшін телефон трафигін өткізу қызметтері:

жергілікті телефон трафигін өткізу;

аймақшілік телефон трафигін өткізу;

қалааралық телефон трафигін өткізу;

халықаралық телефон трафигін өткізу;

ұялы операторлардың желілерінен/желілеріне телефон трафигін өткізу.

2. Телекоммуникациялар қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты

қызметтер

1) Байланыс операторларының телекоммуникациялар желілерін жалпы пайдаланымдағы телекоммуникациялар желісіне қосу жөніндегі қызметтер:

жергілікті деңгейде;  
аймақшілік және қалааралық деңгейде;  
қалааралық және халықаралық деңгейде.

2) Инфрақұрылым элементтерін (технологиялық мүлікті) жалпы пайдаланымдағы телекоммуникациялар желісіне қосу үшін байланыс операторларына:

байланыс (іске қосылмаған оптикалық талшықтардан басқа) желілері мен кабелдерін;

телефон кәрізін;  
үй-жайларды, құрылыстарды және байналыс тіреулерін жалға беру.

3) Байланыс операторларына арналарды (ұқсас және сандық) жалға беру жөніндегі

қызметтер:  
жергілікті деңгейде;  
аймақшілік деңгейде;  
қалааралық деңгейде;

халықаралық деңгейде.